3. Хирургические вмешательства и инвазивные процедуры у пациентов, получающих длительное лечение пероральными антикоагулянтами прямого действия: ингибиторами тромбина или фактора Ха. Рекомендации Рабочей группы по периоперационному гемостазу и Французской исследовательской группы по тромбозам и гемостазу. Archives of Cardiovascular Disease 2011; 104: 669–76. [Surgery and invasive procedures in patients on long-term treatment with direct oral anticoagulants: Thrombin or factor-Xa inhibitors. Recommendations of the Working Group on perioperative haemostasis and the French Study Group on thrombosis and haemostasis. Archives of Cardiovascular Disease 2011;104:669–76]

Дәрілік препаратты тіркеуден кейін күдік тудырған жағымсыз реакциялар туралы хабарлау өте маңызды. Бұл дәрілік препараттың «пайда/қауіп» теңгеріміне үздіксіз мониторингті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Медицина қызметкерлеріне дәрілік препараттың кез келген күдік тудырған жағымсыз реакциялары туралы ұлттық хабарлау жүйесінің көмегімен хабарлау ұсынылады.

Ресей Федерациясы

Денсаулық сақтау саласындағы қадағалау жөніндегі Федералдық қызмет.

Мекенжайы: 109012, Мәскеу қ., Славян алаңы, 4-үй, құр.1

Телефон: +7 800 550 99 03

Электронды пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

«Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі сайты:

<https://www.roszdravnadzor.gov.ru/>

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар және медициналық бұйымдар департаменті

Мекенжайы: 720044, Бішкек қ., 3-ші Линия к-сі, 25

Телефон: +996 (312) 21-05-08

Электронды пошта: vigilance@dlsmi.kg

«Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі сайты: <http://www.dlsmi.kg>

Армения Республикасы

«Дәрілік заттарды сараптау және медициналық технологиялар орталығы» МКЕҰ

Мекенжайы: 0051, Ереван қ., Комитас даңғылы 49/5

Телефон: +374 (10) 23-16-82, 23-08-96; +374 (60) 83 00 73

Электронды пошта: info@ampra.am

«Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі сайты: <http://www.pharm.am>

Ресей Федерациясы (сондай-ақ Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы үшін)

«Пфайзер Инновации» ЖШҚ

Мекенжайы: 123112, Мәскеу қ., Пресненская жағалауы., 10-үй, «Башня на Набережной» БО (С блогы)

Телефон: +7 (495) 287-50-00

Факс: +7 (495) 287-53-00

Эл.пошта: Russia@pfizer.com

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Мекенжайы: 010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов к-сі 13 ("Нұрсәулет 2" БО)

Телефон: +7 (7172) 235-135

Электронды пошта: farm@dari.kz



Bristol Myers Squibb



Eliquis®
apixaban

«Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі сайты: <http://www.ndda.kz/>

Қазақстан Республикасы

Pfizer Export B.V. (Пфайзер Экспорт Би.Ви.) компаниясының Қазақстан Республикасындағы филиалы

Мекенжайы: 050000, Алматы қ., Медеу ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 100/4 үй

Тел.: +7 (727) 250 09 16

Факс: +7 (727) 250 42 09

Эл.пошта: PfizerKazakhstan@pfizer.com

ЭЛИКВИС (апиксабан) Препаратты тағайындау туралы нұсқаулық

Бұл Нұсқаулық ЭЛИКВИС дәрілік препаратының жалпы сипаттамасын (ДПЖС) алмастырмайды. Дәрілік препаратты тағайындар алдында толық ақпарат алу үшін ЭЛИКВИС ДПЖС-мен танысып шығуыңызды өтінеміз.

Бұл білім беру материалы ЭЛИКВИС дәрілік препаратын пайдаланумен байланысты қан кетудің даму қаупін одан әрі барынша азайту мақсатымен, және денсаулық сақтаудың медициналық қызметкерлері үшін осы қауіпті басқаруға арналған нұсқаулық ретінде ұсынылады.

Нұсқа: 1.0

Мазмұны

Пациентке арналған жадынама 5

Қолданылуы: жүрекшелердің клапандық емес фибрилляциясы (ЖКЕФ) бар, бастан өткерген инсульт немесе транзиторлық ишемиялық шабуыл (ТИШ); ≥ 75 жас; артериялық гипертензия; қант диабеті; клиникалық айқын жүрек жеткіліксіздігі (NYHA бойынша $\geq$ II класы)^{1,2} сияқты бір немесе бірнеше қауіп факторларымен ересек пациенттерде инсульттің және жүйелі эмболияның профилактикасы 6

Ересектер үшін дозалау жөніндегі нұсқаулар **Ошибка! Закладка не определена.**

Ересектер үшін дозаны азайту **Ошибка! Закладка не определена.**

Дозаны өткізіп алу (ересектер) 7

Бүйрек функциясы бұзылған ересек пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

Бауыр функциясы бұзылған ересек пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

Катетерлік абляция жасалған ересек пациенттер 8

Кардиоверсия жасалған ересек пациенттер 8

Ересектерде қолданылуы: терең веналар тромбоздарын (ТВТ) және өкпе артериясының тромбоэмболиясын (ӨАТЭ) емдеу, сондай-ақ ТВТ және ӨАТЭ қайталануының профилактикасы^{1,2} 10

Ересектер үшін дозалау жөніндегі нұсқаулар **Ошибка! Закладка не определена.**

Дозаны өткізіп алу (ересектер) 11

Бүйрек функциясы бұзылған ересек пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

Бауыр функциясы бұзылған ересек пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

ӨАТЭ және тұрақты емес гемодинамикасы бар ересек пациенттер немесе тромбозис немесе өкпе артериясынан эмболектomia қажет болатын ересек пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

Белсенді қатерлі жаңа түзілімі бар ересек пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

Ересектерде қолданылуы: ұршық немесе тізе буынын жоспарлы эндопротездеу жүргізілген ересек пациенттерде веналық тромбоэмболиялық асқынулардың (ВТЭ) профилактикасы^{1,2} 13

Ересектер үшін дозалау жөніндегі нұсқаулар **Ошибка! Закладка не определена.**

Дозаны өткізіп алу (ересектер) **Ошибка! Закладка не определена.**

Бүйрек функциясы бұзылған ересек пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

Бауыр функциясы бұзылған ересек пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

Балаларда қолданылуы: дене салмағы ≥ 35 кг педиатриялық пациенттерде веналық тромбоэмболияны (ВТЭ) емдеу және ВТЭ қайталануының профилактикасы^{1,2} 15

Балалар үшін дозалау жөніндегі нұсқаулар **Ошибка! Закладка не определена.**

Дозаны өткізіп алу (балалар) **Ошибка! Закладка не определена.**

Бүйрек функциясы бұзылған балалар жасындағы пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

Бауыр функциясы бұзылған балалар жасындағы пациенттер **Ошибка! Закладка не определена.**

ЭЛИКВИС ^{1,2} препаратымен емге ауысу немесе ЭЛИКВИС препаратымен емнен ауысу. Парентералдық антикоагулянттардан ЭЛИКВИС препаратына (және керісінше) ауысуды келесі жоспарланған дозаны қабылдау кезінде жүзеге асыруға болады.	17
Қан кету қаупі жоғарырақ болуы ықтимал пациенттер популяциясы ^{1,2}	18
Хирургиялық араласулар және инвазиялық емшаралар ^{1,2,3}	21
Емді уақытша тоқтату ^{1,2}	22
Спинальді/эпидуральді анестезия немесе пункция ^{1,2}	23
Артық дозалануды және қан кетуді емдеу ^{1,2}	25
Қан ұюының тесттерін пайдалану ^{1,2}	26
Әдебиет	Ошибка! Закладка не определена.

Пациентке арналған жадынама

Пациентке арналған жадынаманы ЭЛИКВИС препараты (үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, 2,5 мг және 5 мг) тағайындалған әрбір пациентке ұсыну керек. Емдеуді тағайындаушы дәрігер пациенттерге антикоагулянттық емнің маңызын түсіндіруі, емдеу режимін сақтаудың маңыздылығы, қан кетудің белгілері мен симптомдары, сондай-ақ қандай жағдайларда медицина қызметкерінің көмегіне жүгіну керектігі туралы ақпарат беруі керек. Пациенттерге арналған жадынамада пациентке тағайындалған антикоагулянттық ем туралы медицина қызметкерлеріне арналған ақпарат және шұғыл көмек жағдайы үшін маңызды байланыс ақпараты болады.


Пациенттерге немесе оларға күтім жасайтын тұлғаларға пациентке арналған жадынаманы әрқашан өздерімен бірге алып жүруді және оны емдеуге қатысатын әрбір медициналық қызметкерге көрсетуді ұсыну керек. Сондай-ақ, алда хирургиялық араласу немесе инвазиялық емшаралар жүргізілетін болса, пациенттің ЭЛИКВИС препаратын қабылдап жүргені туралы көмек көрсетуші медициналық қызметкерлерге хабарлауы қажет екенін олардың естеріне салу керек.

Қолданылуы: жүрекшелердің клапандық емес фибрилляциясы (ЖКЕФ) бар, бастан өткерген инсульт немесе транзиторлық ишемиялық шабуыл (ТИШ); ≥ 75 жас; артериялық гипертензия; қант диабеті; клиникалық айқын жүрек жеткіліксіздігі (NYHA бойынша $\geq$ II класы)^{1,2} сияқты бір немесе бірнеше қауіп факторларымен ересек пациенттерде инсульттің және жүйелі эмболияның профилактикасы^{1,2}

Ересектер үшін дозалау жөніндегі нұсқаулар

ЭЛИКВИС препаратының ұсынылатын дозасы тәулігіне екі рет пероральді (ішке) 5 мг құрайды, сумен ішу арқылы, тамақ ішуге байланысты емес. Емді ұзақ уақыт бойы жалғастыру керек (1-сурет).

1-сурет




Тұтас таблетканы жұта алмайтын пациенттер үшін ЭЛИКВИС препаратының таблеткаларын ұсақтауға және суда немесе глюкозаның судағы 5% ерітіндісінде (5ГС) немесе алма шырынында ерітуге немесе алма езбесімен араластырып, бірден ішке қабылдауға болады. Балама ретінде, ЭЛИКВИС препаратының таблеткаларын ұсақтауға, 60 мл суда немесе глюкозаның судағы 5% ерітіндісінде ерітуге және назогастральді зонд арқылы дереу енгізуге болады. ЭЛИКВИС препаратының ұсақталған таблеткалары суда, глюкозаның судағы 5% ерітіндісінде, алма шырыны мен алма езбесінде 4 сағатқа дейін тұрақты.

Ересектер үшін дозаны азайту

ЖКЕФ және келесі сипаттамалардың кем дегенде екеуі бар пациенттерде ЭЛИКВИС препаратының ұсынылатын дозасы пероральді (ішке) тәулігіне екі рет 2,5 мг құрайды: 80 жастағы және одан асқан, дене салмағы 60 кг және одан аз немесе қан плазмасындағы креатинин концентрациясы $\geq 1,5$ мг/дл (133 мкмоль/л) (2-сурет).

Жүрекшелердің клапандық емес фибрилляциясы және бүйрек функциясының ауыр бұзылуы (креатинин клиренсі [CrCl] 15-тен 29 мл/мин дейін) бар ересек пациенттерде инсульт пен жүйелі эмболияның профилактикасы үшін ЭЛИКВИС препаратының тәулігіне екі рет 2,5 мг төменірек дозасын тағайындау керек (2-сурет).

2-сурет



Тәулігіне екі рет 2,5 мг ЭЛИКВИС препаратының дозасы үшін критерийлер

Жасы ≥ 80 жас

Дене салмағы ≤ 60 кг

Сарысу креатинині $\geq 1,5$ мг/дл (133 мкмоль/л)

Тек бүйрек функциясының ауыр бұзылуы

(CrCl 15-29 мл/мин)

Кем дегенде 2 сипаттама

ЭЛИКВИС 2,5 мг тәулігіне екі рет

Дозаны өткізіп алу (ересектер)

Өткізіп алған таңертеңгі дозаны пациент есіне түскен кезде дереу қабылдауы керек және оны кешкі дозамен бірге қабылдауға болады. Өткізіп алған кешкі дозаны сол кеште ғана қабылдауға болады, пациент келесі күні таңертең екі дозаны қабылдамауы керек. Келесі күні пациент препаратты ұсынылғандай күніне екі рет әдеттегі қабылдауды жалғастыруы керек.

Бүйрек функциясы бұзылған ересек пациенттер

Бүйрек функциясының бұзылуы

Диализде жүрген пациенттерде қолдану

Қолдануға болмайды

Бүйрек жеткіліксіздігі
(CrCl < 15 мл/мин)

Қолдануға болмайды

Бүйрек функциясының ауыр бұзылуы
(CrCl 15-тен 29 мл/мин дейін)

Дозаны тәулігіне екі рет 2,5 мг дейін азайту.

Бүйрек функциясының жеңіл (CrCl 51-ден 80 мл/мин дейін) немесе орташа (CrCl 30-дан 50 мл/мин дейін) бұзылуы

Тәулігіне екі рет 5 мг. Пациент жасы, дене салмағы және/немесе қан плазмасындағы креатинин концентрациясы негізінде дозаны тәулігіне екі рет 2,5 мг дейін азайту критерийлеріне сай келетін жағдайдан басқасында, дозаны түзету қажет емес («Ересектер үшін дозаны азайту» бөлімін қараңыз).

Бауыр функциясы бұзылған ересек пациенттер

Бауыр функциясының бұзылуы

Коагулопатиямен және клиникалық маңызды қан кету қаупімен қатар жүретін бауыр аурулары

Қолдануға болмайды

Бауыр функциясының ауыр бұзылуы

Қолдануға болмайды

Бауыр функциясының жеңіл немесе орташа бұзылуы (Чайлд-Пью бойынша А немесе В класы)

Сақтықпен қолдану керек.
Дозаны түзету қажет емес.

ЭЛИКВИС препаратын қолдануды бастағанға дейін бауыр функциясына зерттеу жүргізу керек. Бауыр ферменттері аланинаминотрансфераза (АЛТ)/аспартатаминотрансфераза (АСТ) деңгейі қалыптың жоғарғы шегінен (ҚЖШ) > 2 х жоғарылаған немесе жалпы билирубин деңгейі $\geq 1,5$ х ҚЖШ жоғарылаған пациенттер клиникалық зерттеулерден шығарылды. Сондықтан ЭЛИКВИС препаратын бұл популяциядағы пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Катетерлік абляция жасалған ересек пациенттер

Жүрекшелер фибрилляциясына байланысты катетерлік абляция жасалған пациенттерге ЭЛИКВИС препаратын қолдануды жалғастыруға болады.

Кардиоверсия жасалған ересек пациенттер

Кардиоверсия жүргізу қажет болуы мүмкін ЖКЕФ бар ересек пациенттерде ЭЛИКВИС препаратымен емдеуді бастауға және жалғастыруға болады.

Бұрын антикоагулянттарды алмаған пациенттерде кардиоверсия алдында белгіленген медициналық нұсқауларға сәйкес визуализациялық зерттеу әдістерінің (мысалы, өңеш арқылы эхокардиографияның [ӨАЭхоКГ] немесе компьютерлік томографияның [КТ]) көмегімен сол жақ жүрекшенің тромбозын жоққа шығару мүмкіндігін қарастыру керек. Бұрын жүрекшілік тромб анықталған пациенттерге кардиоверсия алдында белгіленген медициналық нұсқауларды сақтау керек.

Пациенттің статусы	Пациент дозаны азайтуға сай келе ме?	Дозалау режимі
ЭЛИКВИС препаратымен емдеуді бастау	Жоқ	Кардиоверсия жүргізуге дейін тәулігіне екі рет 5 мг кем дегенде 2,5 күн бойы (бір реттік 5 доза).
	Иә	Кардиоверсия жүргізуге дейін тәулігіне екі рет 2,5 мг кем дегенде 2,5 күн бойы (бір реттік 5 доза).
ЭЛИКВИС препаратының бір реттік 5 дозасын тәулігіне екі рет 2,5 күн бойы қабылдаудың күтілген сызбасын тағайындау үшін кардиоверсия жүргізуге дейінгі уақыт жеткіліксіз*	Жоқ	Кардиоверсия жүргізуге дейін кемінде 2 сағат бұрын 10 мг жүктеме доза, содан соң тәулігіне екі рет 5 мг-ден.
	Иә	Кардиоверсия жүргізуге дейін кемінде 2 сағат бұрын 5 мг жүктеме доза, содан соң тәулігіне екі рет 2,5 мг-ден.

* Дәрігерлер кардиоверсия алдында қарыншада тромбтың болуын жоққа шығару қажеттілігіне баға беруі керек.

Кардиоверсия жүргізілетін барлық пациенттерге, жүргізер алдында пациент ЭЛИКВИС препаратын дәрігердің тағайындауына сәйкес қабылдағанын растап алу керек. Емдеуді бастау және жалғастыру туралы шешім қабылдаған кезде кардиоверсия жүргізілетін пациенттерді антикоагулянттармен емдеу бойынша белгіленген нұсқауларға назар аудару керек.

Ересектерде қолданылуы: терең веналар тромбоздарын (ТВТ) және өкпе артериясының тромбоэмболиясын (ӨАТЭ) емдеу, сондай-ақ ТВТ және ӨАТЭ қайталануының профилактикасы^{1,2}

Ересектер үшін дозалау жөніндегі нұсқаулар

Жедел ТВТ емдеу және ӨАТЭ емдеу үшін ЭЛИКВИС препаратының ұсынылатын дозасы алғашқы 7 күннің ішінде тәулігіне екі рет пероральді 10 мг, содан соң тәулігіне екі рет пероральді 5 мг құрайды, сумен ішу арқылы, тамақ ішуге байланысты емес.

Бекітілген медициналық нұсқауларға сәйкес, емдеудің қысқа ұзақтығы (кемінде 3 ай) өтпелі қауіп факторларына негізделуі тиіс (мысалы, жақында болған хирургиялық операцияға, жарақатқа, иммобилизацияға).

ТВТ және ӨАТЭ қайталануының профилактикасы үшін ЭЛИКВИС препаратының ұсынылатын дозасы алғашқы тәулігіне екі рет пероральді 2,5 мг құрайды, сумен ішу арқылы, тамақ ішуге байланысты емес.

Егер ТВТ және ӨАТЭ қайталануының профилактикасы көрсетілсе, тәулігіне екі рет 2,5 мг дозаны тәулігіне екі рет 5 мг ЭЛИКВИС препаратымен немесе басқа антикоагулянтпен 6 айлық емдеу аяқталғаннан кейін, 3-суретте көрсетілгендей бастау керек.

3-сурет

СХЕМА ПРИЕМА	УТРО	ВЕЧЕР	СУТОЧНАЯ ДОЗА
Лечение острого ТГВ или ТЭЛА (не менее 3 месяцев)			
День 1—7: → 10 мг два раза в сутки	 ЭЛИКВИС 5мг ЭЛИКВИС 5мг	 ЭЛИКВИС 5мг ЭЛИКВИС 5мг	20 мг
Начиная с дня 8: → 5 мг два раза в сутки	 ЭЛИКВИС 5 мг	 ЭЛИКВИС 5 мг	10 мг
Профилактика рецидивирующих ТГВ и/или ТЭЛА после завершения 6 месяцев антикоагулянтной терапии			
2,5 мг два раза в сутки →	 ЭЛИКВИС 2,5 мг	 ЭЛИКВИС 2,5 мг	5 мг

ҚАБЫЛДАУ СЫЗБАСЫ ТАҢЕРТЕҢ КЕШКЕ ТӘУЛІКТІК ДОЗА

Жедел ТВТ немесе ӨАТЭ емдеу (кемінде 3 ай)
1–7 күн

Тәулігіне екі рет 10 мг

8 күннен бастап:

Тәулігіне екі рет 5 мг

Антикоагулянтпен 6 айлық емдеу аяқталғаннан кейін қайталанған ТБТ және/немесе ӨАТЭ профилактикасы

Тәулігіне екі рет 2,5 мг

Емнің жалпы ұзақтығын препаратты қабылдаудың пайдасы мен қан кетудің даму қаупін мұқият бағалаудан кейін әркімге жеке таңдау керек.

Тұтас таблетканы жұта алмайтын пациенттер үшін ЭЛИКВИС препаратының таблеткаларын ұсақтауға және суда немесе глюкозаның судағы 5% ерітіндісінде (5ГС) немесе алма шырынында ерітуге немесе алма езбесімен араластырып, бірден пероральді қабылдауға болады. Балама ретінде, ЭЛИКВИС препаратының таблеткаларын ұсақтауға, 60 мл суда немесе глюкозаның судағы 5% ерітіндісінде ерітуге және назогастральді зонд арқылы дереу енгізуге болады. ЭЛИКВИС препаратының ұсақталған таблеткалары суда, глюкозаның судағы 5% ерітіндісінде, алма шырыны мен алма езбесінде 4 сағатқа дейін тұрақты.

Дозаны өткізіп алу (ересектер)

Өткізіп алған таңертеңгі дозаны пациент есіне түскен кезде дереу қабылдауы керек және оны кешкі дозамен бірге қабылдауға болады. Өткізіп алған кешкі дозаны сол кеште ғана қабылдауға болады, пациент келесі күні таңертең екі дозаны қабылдамауы керек. Келесі күні пациент препаратты ұсынылғандай күніне екі рет әдеттегі қабылдауды жалғастыруы керек.

Бүйрек функциясы бұзылған ересек пациенттер

Бүйрек функциясының бұзылуы

Диализде жүрген пациенттерде қолдану	Қолдануға болмайды
Бүйрек жеткіліксіздігі (CrCl < 15 мл/мин)	Қолдануға болмайды
Бүйрек функциясының ауыр бұзылуы (CrCl 15-тен 29 мл/мин дейін)	Сақтықпен қолдану керек
Бүйрек функциясының жеңіл (CrCl 51-ден 80 мл/мин дейін) немесе орташа (CrCl 30-дан 50 мл/мин дейін) бұзылуы	Дозаны түзету қажет емес

Бауыр функциясы бұзылған ересек пациенттер

Бауыр функциясының бұзылуы

Коагулопатиямен және клиникалық маңызды қан кету қаупімен қатар жүретін бауыр аурулары	Қолдануға болмайды
Бауыр функциясының ауыр бұзылуы	Қолдануға болмайды
Бауыр функциясының жеңіл немесе орташа бұзылуы (Чайлд-Пью бойынша А немесе В класы)	Сақтықпен қолдану керек. Дозаны түзету қажет емес.

ЭЛИКВИС препаратын қолдануды бастағанға дейін бауыр функциясына зерттеу жүргізу керек. Бауыр ферменттері аланинаминотрансфераза (АЛТ)/аспартатаминотрансфераза (АСТ) деңгейі қалыптың жоғарғы шегінен (ҚЖШ) > 2х жоғарылаған немесе жалпы билирубин

деңгейі $\geq 1,5 \times \text{ҚЖШ}$ жоғарылаған пациенттер клиникалық зерттеулерден шығарылды. Сондықтан ЭЛИКВИС препаратын бұл популяциядағы пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

ӨАТЭ және тұрақсыз гемодинамика бар ересек пациенттер немесе тромбозис немесе өкпе артериясының эмболиясы қажет болған ересек пациенттер

Гемодинамикалық тұрақсыз ӨАТЭ бар немесе тромбозис немесе өкпе артериясының эмболиясы тағайындалуы мүмкін пациенттерде ЭЛИКВИС препараты фракцияланбаған гепариннің баламасы ретінде ұсынылмайды, өйткені бұл клиникалық жағдайларда ЭЛИКВИС препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған.

Белсенді қатерлі жаңа түзілімі бар ересек пациенттер

Белсенді қатерлі жаңа түзілімі бар пациенттер веналық тромбозиспен, сондай-ақ қан кетулердің жоғары қаупіне ұшырауы мүмкін.

ЭЛИКВИС препараты онкологиялық пациенттерде ТВТ немесе ӨАТЭ емдеу үшін қарастырылған кезде күтілетін пайда мен қауіп арақатынасына мұқият бағалау жүргізу қажет.

Ересектерде қолданылуы: ұршық немесе тізе буынын жоспарлы эндопротездеу жүргізілген ересек пациенттерде веналық тромбоэмболиялық асқынулардың (ВТЭ) профилактикасы^{1,2}

Ересектер үшін дозалау жөніндегі нұсқаулар

ЭЛИКВИС препаратының ұсынылатын дозасы тәулігіне екі рет пероральді 2,5 мг құрайды, сумен ішу арқылы, тамақ ісуге байланысты емес. Бірінші дозаны операциядан кейін 12–24 сағаттың ішінде қабылдау керек.

Емді бастау уақыты туралы шешім қабылдаған кезде дәрігерлер операциядан кейінгі қан кетудің даму қаупімен қатар ВТЭ профилактикасындағы ерте антикоагулянттық емнің ықтимал оң әсеріне көңіл бөлуі керек.

Ұршық буынын жоспарлы эндопротездеуді бастан өткерген пациенттерде емнің ұсынылған ұзақтығы 32 -ден 38 күнге дейін құрайды.

Тізе буынын жоспарлы эндопротездеуді бастан өткерген пациенттерде емнің ұсынылған ұзақтығы 10-нан 14 күнге дейін құрайды.

Тұтас таблетканы жұта алмайтын пациенттер үшін ЭЛИКВИС препаратының таблеткаларын ұсақтауға және суда немесе глюкозаның судағы 5% ерітіндісінде (5ГС) немесе алма шырынында ерітуге немесе алма езбесімен араластырып, бірден пероральді қабылдауға болады. Балама ретінде, ЭЛИКВИС препаратының таблеткаларын ұсақтауға, 60 мл суда немесе глюкозаның судағы 5% ерітіндісінде ерітуге және назогастральді зонд арқылы дереу енгізуге болады. ЭЛИКВИС препаратының ұсақталған таблеткалары суда, глюкозаның судағы 5% ерітіндісінде, алма шырыны мен алма езбесінде 4 сағатқа дейін тұрақты.

Дозаны өткізіп алу (ересектер)

Өткізіп алған таңертеңгі дозаны пациент есіне түскен кезде дереу қабылдауы керек және оны кешкі дозамен бірге қабылдауға болады. Өткізіп алған кешкі дозаны сол кеште ғана қабылдауға болады, пациент келесі күні таңертең екі дозаны қабылдамауы керек. Келесі күні пациент препаратты ұсынылғандай күніне екі рет әдеттегі қабылдауды жалғастыруы керек.

Бүйрек функциясы бұзылған ересек пациенттер

Бүйрек функциясының бұзылуы

Диализде жүрген пациенттерде қолдану	Қолдануға болмайды
Бүйрек жеткіліксіздігі (CrCl < 15 мл/мин)	Қолдануға болмайды
Бүйрек функциясының ауыр бұзылуы (CrCl 15-тен 29 мл/мин дейін)	Сақтықпен қолдану керек
Бүйрек функциясының жеңіл (CrCl 51-ден 80 мл/мин дейін) немесе орташа (CrCl 30-дан 50 мл/мин дейін) бұзылуы	Дозаны түзету қажет емес

Бауыр функциясы бұзылған ересек пациенттер

Бауыр функциясының бұзылуы

Коагулопатиямен және клиникалық маңызды қан кету қаупімен қатар жүретін бауыр аурулары

Қолдануға болмайды

Бауыр функциясының ауыр бұзылуы

Қолдануға болмайды

Бауыр функциясының жеңіл немесе орташа бұзылуы (Чайлд-Пью бойынша А немесе В класы)

Сақтықпен қолдану керек.
Дозаны түзету қажет емес.

ЭЛИКВИС препаратын қолдануды бастағанға дейін бауыр функциясына зерттеу жүргізу керек. Бауыр ферменттері аланинаминотрансфераза (АЛТ)/аспартатаминотрансфераза (АСТ) деңгейі қалыптың жоғарғы шегінен (ҚЖШ) > 2 х жоғарылаған немесе жалпы билирубин деңгейі $\geq 1,5$ х ҚЖШ жоғарылаған пациенттер клиникалық зерттеулерден шығарылды. Сондықтан ЭЛИКВИС препаратын бұл популяциядағы пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Балаларда қолданылуы: дене салмағы ≥ 35 кг педиатриялық пациенттерде веналық тромбоэмболияны (ВТЭ) емдеу және ВТЭ қайталануының профилактикасы^{1,2}

ЭЛИКВИС препаратын дене салмағы ≥ 35 кг балалар мен жасөспірімдерге веналық тромбоэмболияны (ВТЭ) емдеу және қайталанған веналық тромбоэмболияның (ВТЭ) профилактикасы үшін қолдану ұсынылады.

Балалар үшін дозалау жөніндегі нұсқаулар

Дене салмағы ≥ 35 кг балалар мен жасөспірімдерде ЭЛИКВИС препаратымен емді парентералдық антикоагулянттық ем басталғаннан кейін кем дегенде 5 күннен кейін бастау керек.

ЭЛИКВИС препаратының ұсынылатын дозасы пациенттің дене салмағына байланысты (1-кесте). Дозаны дене салмағына байланысты емдеу барысында түзету керек.

Дозалау кестесінде көрсетілмеген дене салмағы үшін дозалау жөніндегі ұсынымдар берілмеген.

Балалардағы ВТЭ емдеу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес, жалпы емнің ұзақтығы емдеудің пайдасы мен қан кетудің қаупін мұқият бағалаудан кейін әркімге жеке таңдалуы тиіс.

1-кесте

ЭЛИКВИС препараты дене салмағы ≥ 35 кг балалар мен жасөспірімдерде ВТЭ емдеу және ВТЭ қайталануының профилактикасы үшін

Дәрілік түрі	Дене салмағы	Дозалау кестесі	1-7 күн	8 күн және әрі қарай	
			Ең жоғары тәуліктік доза	Дозалау кестесі	Ең жоғары тәуліктік доза
Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, 2,5 мг және 5,0 мг	≥ 35 кг	10,0 мг тәулігіне екі рет	20,0 мг	5,0 тәулігіне екі рет	10,0 мг

Дозаны өткізіп алу (ересектер)

Өткізіп алған таңертеңгі дозаны пациент есіне түскен кезде дереу қабылдауы керек және оны кешкі дозамен бірге қабылдауға болады. Өткізіп алған кешкі дозаны сол кеште ғана қабылдауға болады, пациент келесі күні таңертең екі дозаны қабылдамауы керек. Келесі күні пациент препаратты ұсынылғандай күніне екі рет әдеттегі қабылдауды жалғастыруы керек.

Бүйрек функциясы бұзылған балалар жасындағы пациенттер

Ересектердегі деректердің және педиатриялық пациенттердегі шектеулі деректердің негізінде бүйректің жеңіл және орташа жеткіліксіздігі бар педиатриялық пациенттерде дозаны түзету қажет емес. ЭЛИКВИС препаратын бүйрек функциясының ауыр бұзылуы бар педиатриялық пациенттерге тағайындау ұсынылмайды. ЭЛИКВИС препараты бүйрек

функциясының ауыр бұзылуы бар педиатриялық пациенттерде зерттелген жоқ, сондықтан мұндай пациенттер ЭЛИКВИС препаратын қабылдамауы тиіс. 2 жастан асқан балаларда бүйрек функциясының ауыр бұзылуы есептелген шумақшалық сүзілу жылдамдығы (еШСЖ) дене беткейінің ауданына (ДБА) 30 мл/мин/1,73 м² аз деп анықталады. CV185325 зерттеуінде 2 жасқа дейінгі пациенттерде бүйрек функциясының ауыр бұзылуын анықтайтын шектік мәндер, жынысына және постнаталдық жасына байланысты, төменде 2-кестеде жинақталып берілген; әрқайсысы ≥ 2 жастағы пациенттер үшін еШСЖ <30 мл/мин/1,73 м² ДБА сәйкес келеді.

2-кесте

CV185325 зерттеуіне қатысу үшін еШСЖ шектік мәндері

Постнаталдық жасы (жынысы)	Референстік ШСЖ диапазоны (мл/мин/1,73 м ²)	еШСЖ үшін қосылу мүмкіндігінің шектік мәндері*
1 апта (ұлдар және қыздар)	41 $\pm$ 15	≥ 8
2–8 апта (ұлдар және қыздар)	66 $\pm$ 25	≥ 12
> 8 аптадан < 2 жасқа дейін (ұлдар және қыздар)	96 $\pm$ 22	≥ 22
2–12 жас (ұлдар және қыздар)	133 $\pm$ 27	≥ 30
13–17 жас (ұлдар)	140 $\pm$ 30	≥ 30
13–17 жас (қыздар)	126 $\pm$ 22	≥ 30

* CV185325 зерттеуіне қатысу үшін қосу мүмкіндігінің шектік мәндері, онда есептелген шумақшалық сүзілу жылдамдығы (еШСЖ) жаңартылған Шварц теңдеуі бойынша есептелген (Schwartz, GJ et al., CJASN 2009). Бұл шектік мән хаттама бойынша көзделген пациентте одан төмен болған бүйрек функциясы «жеткіліксіз» деп саналатын еШСЖ сәйкес болды, бұл CV185325 зерттеуіне қатысуды жоққа шығарады. Әрбір шектік мән берілген жас немесе жыныс үшін ШСЖ референстік диапазонынан төмен 1 стандартты ауытқудың (A) <30 % ретінде анықталды. <2 жастағы пациенттер үшін шектік мәндер 2 жастан асқан пациенттерде бүйректің ауыр жеткіліксіздігінің жалпыға мәлім анықталуының еШСЖ < 30 мл/мин/1,73 м² мәніне сәйкес келеді.

Бауыр функциясы бұзылған балалар жасындағы пациенттер

ЭЛИКВИС препараты бауыр функциясының ауыр бұзылуы бар педиатриялық пациенттерде зерттелген жоқ.

ЭЛИКВИС препаратын қолдану басталғанға дейін бауыр функциясына зерттеу жүргізу керек.


ЭЛИКВИС^{1,2} препаратымен емге ауысу немесе ЭЛИКВИС препаратымен емнен ауысу. Парентералдық антикоагулянттардан ЭЛИКВИС препаратына (және керісінше) ауысуды келесі жоспарланған дозаны қабылдау кезінде жүзеге асыруға болады.

Бұл дәрілік заттарды бір мезгілде тағайындамау керек.

К дәруменінің антагонистерімен (ҚДА) емнен ЭЛИКВИС препаратына ауысу

Пациенттерді (ересектер мен балаларды) ҚДА емінен ЭЛИКВИС препаратына ауыстырған кезде варфаринді немесе басқа ҚДА тоқтату және ЭЛИКВИС препаратымен емді, халықаралық қалыптастырылған қатынас (ХҚҚ) $< 2,0$ болған кезде бастау керек (1-сурет).

1-сурет



Варфаринді немесе басқа ҚДА қабылдауды тоқтату

ХҚҚ $< 2,0$ болғанға дейін ХҚҚ тұрақты бақылап отыру

ЭЛИКВИС тәулігіне екі рет қабылдауды бастау

* Көрсетілімге байланысты дозалау жөніндегі нұсқауларды қараңыз

ЭЛИКВИС препаратымен емнен ҚДА еміне ауысу

Педиатриялық пациенттер үшін деректер жоқ.

Ересек пациенттерді ЭЛИКВИС препаратынан ҚДА еміне ауыстырған кезде ЭЛИКВИС препаратын қабылдауды ҚДА емі басталғаннан кейін кем дегенде 2 күн бойы жалғастыру керек. ЭЛИКВИС препаратын ҚДА емімен бір мезгілде 2 күн қабылдағаннан кейін ЭЛИКВИС препаратының келесі жоспарланған дозасын қабылдауға дейін ХҚҚ мәнін анықтау қажет. ЭЛИКВИС препаратын және ҚДА емін бір мезгілде қолдануды ХҚҚ мәні $\geq 2,0$ жеткенге дейін жалғастыру керек.

Қан кету қаупі жоғарырақ болуы ықтимал пациенттер популяциясы^{1,2}

Пациенттердің кейбір қосалқы топтары қан кету қаупінің жоғарылығымен сипатталады, және оларды қан кету белгілері мен симптомдарын дер кезінде анықтау үшін мұқият бақылау керек. ЭЛИКВИС препаратын қан кетудің даму қаупі жоғары жай-күйлерде сақтықпен қолдану керек. Ауыр қан кету пайда болған жағдайда ЭЛИКВИС препаратын қабылдауды **тоқтату** керек.

Ауқымды қан кетудің елеулі қауіп факторы болып саналатын аурулар немесе жай-күйлер

Бұған жататындар:

- Белсенді клиникалық маңызды қан кету.
- Қанның үю жүйесінің бұзылуларымен және қан кету дамуының клиникалық маңызды қаупімен қатар жүретін бауыр аурулары.
- Қазіргі уақытта бар немесе жақында болған асқазан-ішек жолының ойық жарасының өршуі.
- Қан кету қаупі жоғары қатерлі жаңа түзілімдердің болуы.
- Мидың немесе жұлынның жақында болған зақымдануы.
- Миға немесе жұлынға, немесе көру мүшесіне жақында жасалған операциялық араласу.
- Жақында болған геморрагиялық инсульт.
- Өңеш веналарының анықталған немесе күдікті варикозды кеңеюі; артерия-веналық мальформация; тамырлардың аневризмасы немесе тамырлардың айқын жұлынішілік немесе миішілік өзгерістері.

ЭЛИКВИС препаратын **қолдануға болмайтын** жай-күйлер

Гемостазға әсер ететін басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі

Антикоагулянттар

- Фракцияланбаған гепарин (ФГ), төмен молекулалық гепариндер (мысалы, эноксапарин, далтепарин), гепарин туындылары (мысалы, фондапаринукс)
- Пероральді антикоагулянттар (мысалы, варфарин, ривароксабан, дабигатран)

Орталық веналық немесе артериялық катетердің өткізгіштігін сақтау үшін қажетті дозаларда ФГ тағайындалатын, немесе жүрекшелер фибрилляциясында катетерлік абляция кезінде фракцияланбаған гепарин қолданылатын, пациентті басқа антикоагулянттық препаратқа көшірудің ерекше жағдайларын қоспағанда, ЭЛИКВИС препаратын және кез келген басқа антикоагулянттарды бір мезгілде тағайындау, қан кету қаупі жоғары болғандықтан.

Тромбоциттер тежегіштері және ҚҚСП

агрегациясының

ЭЛИКВИС препаратын антиагреганттармен бір мезгілде қолдану қан кету қаупін арттырады.

ЭЛИКВИС препаратын серотонинді кері қармаудың селективті тежегіштерімен (СКҚСТ)/серотонинді және норадреналинді кері қармаудың селективті тежегіштерімен (СНКҚСТ), қабынуға қарсы стероидты емес препараттармен (ҚҚСП), ацетилсалицил қышқылымен (АСҚ) және/немесе P2Y12 тежегіштерімен (мысалы, клопидогрелмен) бір мезгілде сақтықпен қолдану керек.

Басқа тромбоциттер агрегациясының тежегіштерімен (GPIIb/IIIa рецепторларының антагонистері, дипиридамо, декстран немесе сульфипиразон сияқтылармен) немесе тромболизистік дәрілермен бір мезгілде қолдану тәжірибесі шектеулі. Мұндай препараттар қан кету қаупін арттыратындықтан, бұл дәрілік заттарды ЭЛИКВИС препаратымен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды.

ЭЛИКВИС препаратының экспозициясын ұлғайтуы / ЭЛИКВИС препаратының қан плазмасындағы концентрациясын жоғарылатуы мүмкін факторлар

Бүйрек функциясының бұзылуы

Әрбір жеке көрсетілім үшін дозалау жөніндегі ұсынымдардан бүйрек функциясы бұзылған пациенттер туралы бөлімдерді қараңыз.

- CrCl <15 мл/мин пациенттерде немесе диализде жүрген пациенттерде қолдануға болмайды.
- Бүйрек функциясының жеңіл немесе орташа бұзылуы бар пациенттерде дозаны түзету қажет емес.

ЖКЕФ бар пациенттер

- Бүйрек функциясының ауыр бұзылуы бар пациенттер (CrCl 15-тен 29 мл/мин дейін) ЭЛИКВИС препаратының төмендетілген дозасын – тәулігіне екі рет 2,5 мг қабылдауы тиіс.
- Қан плазмасындағы креатинин концентрациясы $\geq 1,5$ мг/дл (133 мкмоль/л), ≥ 80 жастағы немесе дене салмағы ≤ 60 кг пациенттер ЭЛИКВИС препаратының тәулігіне екі рет 2,5 мг төмендетілген дозасын қабылдауы тиіс.
- Дозаны түзету қажет емес.

ЖКЕФ бар пациенттер

- Басқа факторлармен бірігуін қоспағанда, дозаны түзету қажет емес.

Егде жастағы пациенттер

Дене салмағы төмен: ≤ 60 кг

- Дозаны түзету қажет емес.

ЖКЕФ бар пациенттер

- Басқа факторлармен бірігуін қоспағанда, дозаны түзету қажет емес.

СYP3A4 және Р-гликопротеиннің күшті тежегіштерімен бір мезгілде қолдану

Эликвис препаратын СYP3A4 изоферментінің және Р-гликопротеиннің азолдар тобындағы антимикотиктер (мысалы, кетоконазол, итраконазол, вориконазол және позаконазол) сияқты күшті тежегіштерімен және АИТВ протеаза тежегіштерімен (мысалы, ритонавир) бір мезгілде жүйелі ем алып жүрген пациенттерде қолдану ұсынылмайды.

СYP3A4 және Р-гликопротеиннің күшті тежегіштері деп саналмайтын препараттармен бір мезгілде қолдану

ЭЛИКВИС препаратын, мысалы, амиодаронмен, кларитромицинмен, дилтиаземмен, флуконазолмен, напроксенмен, хинидинмен және верапамилмен бір мезгілде қолданғанда дозаны түзету қажет емес.

ЭЛИКВИС препаратының экспозициясын төмендетуі / ЭЛИКВИС препаратының қан плазмасындағы концентрациясын азайтуы мүмкін факторлар

СYP3A4 және Р-гликопротеиннің күшті индукторларымен бір мезгілде қолдану

- Эликвис препаратын СYP3A4 және Р-гликопротеиннің күшті индукторларымен (мысалы, рифампицинмен, фенитоинмен, карбамазепином, фенобарбиталмен немесе шайқурай препараттарымен) бір мезгілде қолдану ЭЛИКВИС препараты экспозициясының шамамен 50 %-ға төмендеуіне әкелуі мүмкін, сондықтан мұндай біріктірілімдерді сақтықпен қабылдау керек.

ТВТ немесе ӨАТЭ емдеу

- ЭЛИКВИС препараты ұсынылмайды.

Хирургиялық араласулар және инвазиялық емшаралар^{1,2,3}

ЭЛИКВИС препаратын қан кетудің даму қаупімен қатар жүретін жоспарлы хирургиялық араласу немесе инвазиялық емшаралар (кардиоверсияны немесе катетерлік абляцияны қоспағанда) жүргізгенге дейін тоқтату керек (төмендегі кестені қараңыз).

Егер хирургиялық араласуды немесе инвазиялық емшараларды кейінге қалдыруға болмаса, қан кетудің жоғары қаупін ескеріп, сақтық таныту керек. Бұл қан кету қаупін араласудың шұғыл орындалу қажеттілігімен салыстыру керек.

Егер ЭЛИКВИС препаратын қабылдап жүрген пациентке қан кетудің жоғары қаупімен сипатталатын хирургиялық араласу немесе инвазиялық емшаралар сияқты жоспарлы емшара қажет болса, ЭЛИКВИС препаратын қабылдауды антикоагулянттарды қолданумен байланысты қан кету қаупін төмендету үшін емшара алдында жеткілікті уақыт кезеңіне тоқтату керек. ЭЛИКВИС препаратының жартылай шығарылу кезеңі 12 сағатқа жуықты құрайды. ЭЛИКВИС препараты Ха фактордың қайтымды тежегіші болып табылатындықтан, оның антикоагулянттық белсенділігі соңғы дозаны қабылдаудан кейін 24-48 сағаттың ішінде тоқтауы тиіс.

ЭЛИКВИС препаратын жоспарлы хирургиялық араласу/инвазиялық емшара алдында қолдануды тоқтату

Қан кетудің төмен қаупі (егер қан кету болса, ол барынша аз, орналасқан жері күрделі емес және/немесе оны бақылау жеңіл болатын араласуларды қамтиды)	Жоспарлы хирургиялық араласуға немесе инвазиялық емшараға дейін кем дегенде 24 сағат ішінде.
--	---

Қан кетудің орташа немесе жоғары қаупі (клиникалық маңызды қан кету ықтималдығын жоққа шығаруға болмайтын немесе олар үшін қан кету қаупі қолайсыз болатын араласуларды қамтиды)	Жоспарлы хирургиялық араласуға немесе инвазиялық емшараға дейін кем дегенде 48 сағат ішінде.
---	---

Емді уақытша тоқтату^{1,2}

Белсенді қан кету, жоспарлы хирургиялық араласуға немесе инвазиялық емшаралар жағдайында ЭЛИКВИС препаратын қоса, антикоагулянттарды қабылдауды тоқтату пациенттерде тромбоз қаупін арттырады. Емдеудегі үзілістерден аулақ болу керек, ал егер әлдебір себептен ЭЛИКВИС препаратымен антикоагулянттық емді уақытша тоқтату қажет болса, егер клиникалық жағдай мүмкіндік берсе және талапқа сай гемостазға қол жеткізілсе, емдеуді мүмкіндігінше тезірек қайта жаңғырту керек.

Спинальді/эпидуральді анестезия немесе пункция^{1,2}

Тромбоэмболиялық асқынулардың профилактикасы үшін тромбозға қарсы препараттарды қабылдайтын пациенттерде спинальді, эпидуральді анестезияны немесе осы аймақтардың диагностикалық пункциясын жүргізу кезінде эпидуральді немесе спинальді гематомалардың даму қаупі бар, олар өз кезегінде тұрақты немесе қайтымсыз салданудың себебі болуы мүмкін. Операциядан кейінгі кезеңде орнатылған эпидуральді катетерді қолданғанда немесе гемостазға әсер ететін басқа дәрілік заттарды қатарлас қолданғанда бұл қауіп одан әрі артуы мүмкін. Орнатылған эпидуральді немесе субарахноидальді катетерлерді ЭЛИКВИС препаратының бірінші дозасын енгізуден кемінде 5 сағат бұрын алып тастау керек.

Орнатылған интратекальді немесе эпидуральді катетерлері бар пациенттерде ЭЛИКВИС препаратын қолдану жөніндегі нұсқаулар

ЭЛИКВИС препаратын орнатылған интратекальді немесе эпидуральді катетерлері бар пациенттерде пайдаланудың клиникалық тәжірибесі жоқ. Бұл жағдайда қажет болса, апиксабанның фармакокинетикалық ерекшеліктеріне сүйене отырып, апиксабанның соңғы қабылданған дозасы мен катетерді алып тастаудың арасында 20-30 сағ аралықты (яғни, жарылай шығарылудың 2 кезеңін) сақтау керек, осылайша, катетер алынғанға дейін апиксабанның кем дегенде бір дозасы өткізіп жіберілуі тиіс. Апиксабанның келесі дозасын катетер алынғаннан кейін 5 сағат өткен соң қолдануға болады. Барлық жаңа антикоагулянттық дәрілік препараттар жағдайындағы сияқты, апиксабанды нейроаксиальді блокада кезінде қолдану тәжірибесі шектеулі, сондықтан мұндай жағдайда айрықша сақтық таныту керек (2-сурет).

Неврологиялық бұзылулардың белгілері мен симптомдарын дер кезінде анықтау үшін пациенттерді мұқият бақылау керек (мысалы, аяқтың ұюы немесе әлсіздігі, ішектің немесе қуықтың дисфункциясы). Неврологиялық бұзылулар анықталған жағдайда шұғыл диагностика жүргізу және емдеу қажет.

2-сурет



Эпидуральді/интратекальді катетерді алып тастар алдындағы соңғы таблетка

20–30 сағат күту

Катетерді алып тастау

≥ 5 сағат күту

Алып тастаудан кейінгі бірінші таблетка

ЭЛИКВИС препаратымен емделіп жүрген педиатриялық пациенттерде нейроаксиальді катетерді орнату немесе алып тастау мерзімдері туралы деректер жоқ. Мұндай жағдайларда ЭЛИКВИС препаратын қабылдауды тоқтату және қысқа әсерлі парентералдық антикоагулянтты қолдану қажеттілігіне баға беру керек.

Артық дозалануды және қан кетуді емдеу^{1,2}

ЭЛИКВИС препаратының артық дозалануы қан кету қаупінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Геморрагиялық асқынулар туындаған жағдайда емдеуді тоқтатып, қан кету көзін анықтау керек.

Бақыланатын клиникалық зерттеулерде дені сау ересек пациенттердің ЭЛИКВИС препаратын 3–7 күн бойы тәулігіне 50 мг дейінгі дозаларда күн сайын пероральді қабылдауы (7 күн ішінде тәулігіне екі рет 25 мг немесе 3 күн ішінде тәулігіне бір рет 50 мг) клиникалық маңызды жағымсыз реакцияларды туғызған жоқ.

Ересек дені сау еріктілерде белсендірілген көмірді ЭЛИКВИС препаратының 20 мг дозасын қабылданғаннан кейін 2 және 6 сағаттан соң қабылдау қисық астындағы ауданның (AUC) орташа мәнін тиісінше 50% және 27% - ға төмендетті және C_{max} мәніне әсер етпеді. ЭЛИКВИС препараты жеке қолданылған кезде орташа жартылай шығарылу кезеңі 13,4 сағаттан, ЭЛИКВИС препаратын қабылдаудан кейін 2 және 6 сағаттан соң белсендірілген көмірді қабылдаған кезде сәйкесінше 5,3 сағатқа және 4,9 сағатқа дейін төмендеді. Осылайша, ЭЛИКВИС препараты артық дозаланғанда немесе осы препаратты кездейсоқ қабылдағанда белсендірілген көмірді қабылдау пайдалы болуы мүмкін.

Өмірге қауіп төндіретін немесе бақыланбайтын қан кетуге байланысты антикоагулянттық әсерді жоюды қажет ететін жағдайларда, ересек пациенттер үшін Ха факторы тежегіштерінің әсерін бөгейтін препарат бар (андексанет альфа). Сондай-ақ протромбиндік кешеннің концентраттарын (ПКК) немесе рекомбинантты VIIa факторын қолдану қажеттілігіне баға беруге болады. ЭЛИКВИС препаратының фармакодинамикалық әсерлерінің басылуы, мұны тромбин түзілуінің талдауындағы өзгерістер айғақтайды, инфузияның соңында байқалды және дені сау еріктілерде төрт факторлы протромбиндік кешеннің концентратының 30 минуттық инфузиясы басталғаннан кейін 4 сағаттың ішінде бастапқы мәндеріне жетті. Алайда, ЭЛИКВИС препаратын алған адамдарда қан кетуді тоқтату үшін төрт факторлы протромбиндік кешеннің концентраттарын клиникалық пайдалану тәжірибесі жоқ. Қазіргі уақытта ЭЛИКВИС препаратын алатын адамдарда рекомбинантты VIIa факторын қолдану тәжірибесі жоқ. Рекомбинантты VIIa факторын қайталап енгізудің қажеттілігіне баға беруге және қан кетудің жақсаруына қарай оны титрлеуге болады.

ЭЛИКВИС препаратының фармакодинамикалық әсерін басатын спецификалық блокатор (андексанет альфа) педиатриялық популяцияда зерттелмеген (андексанет альфа дәрілік препаратының жалпы сипаттамасын қараңыз). Сонымен қатар жаңа мұздатып қатырылған плазманы құю немесе ПКК, не болмаса рекомбинантты VIIa факторын енгізу қажеттілігіне баға беру керек.

Күшті қан кету жағдайында жергілікті деңгейде қолжетімділігіне қарай қан ұюының бұзылулары жөніндегі маманнан кеңес алу мүмкіндігін қарастыру керек.

Бүйректің созылмалы ауруының терминалдық сатысы бар пациенттерде ЭЛИКВИС препаратының бір реттік 5 мг дозасын пероральді қолдану кезінде гемодиализ AUC мәнін 14% - ға төмендетті. Осылайша, гемодиализ ЭЛИКВИС препаратының артық дозалануы кезінде емдеудің тиімді әдісі болып табылмайтын сияқты.

Қан ұюының тесттерін пайдалану^{1,2}

Апиксабанмен емдеу оның қандағы концентрациясын ұдайы мониторингтеуді қажет етпесе де, кейде апиксабанның әсері туралы деректер клиникалық шешімдерді қабылдауға түрткі болуы мүмкін айрықша жағдайларда, мысалы, шұғыл операциялық араласу кезінде артық дозаланғанда анти-Ха-факторлық белсенділіктің калибрленген сандық талдауын жүргізу орынды болуы мүмкін.

Протромбиндік уақыт (ПУ), ХҚҚ және белсендірілген ішінара тромбопластиндік уақыт (БІТУ)

Ересектерде күтілген емдік дозада қан ұюының осы тесттерінде байқалатын өзгерістер көп емес және жоғары дәрежедегі өзгергіштігімен сипатталады. Ересектерде ЭЛИКВИС препаратының фармакодинамикалық әсерлерін бағалау ұсынылмайды.

Тромбинді генерациялау тестінде ЭЛИКВИС препараты эндогенді тромбиндік әлеуетті — адамның қан плазмасындағы тромбиннің түзілу көрсеткішін төмендетті.

Ха факторына антиденелерді (FХа) пайдаланатын талдаулар

ЭЛИКВИС препаратының FХа қарсы белсенділігі де бар (АХА), Ха факторына антиденелерді пайдаланатын бірнеше коммерциялық жинақтарда FХа ферментінің белсенділігі төмендеуі осыны айғақтайды; алайда, нәтижелер жинаққа байланысты әртүрлі болады. Апиксабанның FХа белсенділігін тежеуі ересек пациенттерде Rotachrom® гепаринін пайдаланып хромогендік тест көмегімен дәлелденді. Анти-FХа белсенділіктің өзгеруі қан плазмасындағы апиксабан концентрациясының жоғарылауына тура пропорционалды, бұл ретте белсенділіктің ең жоғары мәндері қан плазмасындағы апиксабанның ең жоғары концентрациясына жеткен кезде байқалады. Апиксабан концентрациясы мен анти-FХа белсенділігінің арасындағы дозаға тәуелділік препараттың емдік дозаларының кең диапазонында тіркеледі.

3-кестеде апиксабан препаратын ересектердегі әрбір көрсетілім бойынша қолдану кезіндегі болжамды тепе-теңдік концентрациялары және анти-FХа белсенділігі көрсетілген. Ұршық немесе тізе буынын жоспарлы эндопротездеуден кейін апиксабан қабылдаған пациенттерде препарат дозаларын қабылдау аралығында анти-FХа белсенділіктің ең жоғары және ең төмен деңгейінің қатынасы 1,6-дан аспайды. Жүрекшелердің клапандық емес фибрилляциясында инсульт пен жүйелі тромбоэмболияның профилактикасы үшін апиксабанды қабылдаған пациенттерде бұл қатынас 1,7-ден аз, ал апиксабанды терең веналар тромбозын емдеу және терең веналар тромбозының қайталануының профилактикасы үшін қабылдаған пациенттерде - 2,2-ден аз.

3-кесте

Ересектерде экспозициясы және Ха факторына қарсы	ЭЛИКВИС препаратының тепе-теңдік күйдегі болжамды	ЭЛИКВИС препаратының тепе-теңдік күйдегі болжамды	ЭЛИКВИС препаратының тепе-теңдік күйдегі болжамды	ЭЛИКВИС препаратының тепе-теңдік күйдегі болжамды
ЭЛИКВИС Стах (нг/мл)	ЭЛИКВИС C _{min} (нг/мл)	ЭЛИКВИС Ең жоғары АХА мәні (ХБ/мл)	ЭЛИКВИС Ең төмен АХА мәні (ХБ/мл)	
Медиана [5-ші, 95-ші перцентиль]				
ВТЭ профилактикасы: ұршық немесе тізе буынын жоспарлы эндопротездеу.				
2,5 мг тәулігіне екі рет	77 [41, 146]	51 [23, 109]	1,3 [0,67, 2,4]	0,84 [0,37, 1,8]
Жүрекшелер фибрилляциясы бар пациенттерде инсульттің және жүйелі эмболияның профилактикасы: ЖКЕФ				
2,5 мг тәулігіне екі рет*	123 [69, 221]	79 [34, 162]	1,8 [1,0, 3,3]	1,2 [0,51, 2,4]
5 мг тәулігіне екі рет	171 [91, 321]	103 [41, 230]	2,6 [1,4, 4,8]	1,5 [0,61, 3,4]
ТВТ емдеу, ӨАТЭ емдеу және ТВТ мен ӨАТЭ қайталануының профилактикасы				
2,5 мг тәулігіне екі рет	67 [30, 153]	32 [11, 90]	1,0 [0,46, 2,5]	0,49 [0,17, 1,4]
5 мг тәулігіне екі рет	132 [59, 302]	63 [22, 177]	2,1 [0,91, 5,2]	1,0 [0,33, 2,9]
10 мг тәулігіне екі рет	251 [111, 572]	120 [41, 335]	4,2 [1,8, 10,8]	1,9 [0,64, 5,8]

* 2-суретте көрсетілгендей, дозаны төмендетудің 3 критерийінің кемінде 2-уі негізінде доза түзетілген популяция («Ересектер үшін дозаны азайту» бөлімін қараңыз).

Педиатриялық популяция

Балаларда ЭЛИКВИС препаратын зерттеулерде STA® Liquid Anti-Xa ЭЛИКВИС талдауы пайдаланылды. Бұл зерттеулердің нәтижелері ЭЛИКВИС препаратының концентрациясы мен АХА арасындағы дозаға тәуелділік бұрын ересектерде сипатталған өзара байланысқа сәйкес келетінін көрсетеді. Бұл ЭЛИКВИС препаратының FXa селективті тежегіші ретінде әсер етуінің құжатталған механизмін растайды. 4-кестеде балалардағы әрбір көрсетілім үшін тепе-теңдік күйдегі экспозицияның болжамды мәндері және АХА келтірілген.

4-кесте

Балалардағы экспозициясы және Ха факторына қарсы	ЭЛИКВИС препаратының тепе-теңдік күйдегі болжамды	ЭЛИКВИС препаратының тепе-теңдік күйдегі болжамды	ЭЛИКВИС препаратының тепе-теңдік күйдегі болжамды	ЭЛИКВИС препаратының тепе-теңдік күйдегі болжамды
ЭЛИКВИС C _{maxss} (нг/мл)	ЭЛИКВИС C _{minss} (нг/мл)	ЭЛИКВИС Ең жоғары АХА мәні (ХБ/мл)	ЭЛИКВИС Ең төмен АХА мәні (ХБ/мл)	
Орташа геометриялық мәні [%CV]				
CV185155 зерттеуінде 9-дан ≥ 35 кг дейінгі дене салмағы санаттары				

Балаларда дозалау режимін пайдаланғанда қол жеткізілген экспозиция 2,5 мг дозаны тәулігіне екі рет қабылдаған ересектердегі экспозициямен салыстырымды болды.	80,8 [16,8]	30,3 [22]	71,9 [17,3]	27,1 [22,2]
---	-------------	-----------	-------------	-------------

CV185362 зерттеуінде 6-дан ≥ 35 кг дейінгі дене салмағы санаттары

Балаларда дозалау режимін пайдаланғанда қол жеткізілген экспозиция 2,5 мг дозаны тәулігіне екі рет қабылдаған ересектердегі экспозициямен салыстырымды болды.	230 [39,5]	71,3 [61,3]	213 [41,7]	67,1 [30,2]
---	------------	-------------	------------	-------------

CV185325 зерттеуінде 6-дан ≥ 35 кг дейінгі дене салмағы санаттары

Балаларда дозалау режимін пайдаланғанда қол жеткізілген экспозиция 2,5 мг дозаны тәулігіне екі рет қабылдаған ересектердегі экспозициямен салыстырымды болды.	144 [36,9]	50 [54,5]	146 [40,2]	47,1 [57,2]
---	------------	-----------	------------	-------------

Әдебиет

1. Дәрілік препараттың жалпы сипаттамасы (ДПЖС) ЕАЭС. ЭЛИКВИС 2,5 мг/5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.
2. Қосымша парақ – пациентке арналған ақпарат (ҚП) ЕАЭС. ЭЛИКВИС 2,5 мг/5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.
3. Тікелей әсер ететін пероральді антикоагулянттармен: тромбин немесе Ха фактор тежегіштерімен ұзақ ем қабылдайтын пациенттердегі хирургиялық араласулар және инвазиялық емшаралар. Операция алдындағы гемостаз бойынша жұмыс тобының және Тромбоздар мен гемостаз бойынша француздық зерттеу тобының ұсынымдары. Archives of Cardiovascular Disease 2011; 104: 669–76. [Surgery and invasive procedures in patients on long-term treatment with direct oral anticoagulants: Thrombin or factor-Xa inhibitors. Recommendations of the Working Group on perioperative haemostasis and the French Study Group on thrombosis and haemostasis. Archives of Cardiovascular Disease 2011;104:669–76]